ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2016 ж. 8 тамыз № 432

Астана қаласы

город Астана

**«Салық есептілігі нысандарын және оларды жасау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 587 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы»**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІ
20 16 ж. « 08 » 09
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 14215
болып тіркелді

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 63-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Салық есептілігі нысандарын және оларды жасау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 587 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10156 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 12 ақпанда жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

«1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияның нысаны (100.00-нысан);

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (100.00-нысан);

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес декларация тапсырылғанға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасы есебінің нысаны (101.01-нысан);

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес декларация тапсырылғаннан кейінгі кезең үшін төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасы есебінің нысаны және (101.02-нысан);

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес декларация тапсырылғанға дейінгі кезең үшін төлеуі тиіс корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық

002080

төлемдер сомасының салық есептілігін (есебін) және декларация тапсырылғаннан кейінгі кезең үшін төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасының салық есептілігін (есебін) жасау қағидалары (101.01 – 101.02-нысандар);

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес резиденттің табысынан төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы бойынша есеп нысаны (101.03-нысан);

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес резиденттің табысына төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (есебін) жасау қағидалары (101.03-нысан);

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес резидент еместің табысынан төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы бойынша есеп нысаны (101.04-нысан);

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес резидент еместің табысынан төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (есебін) жасау қағидалары (101.04-нысан);

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияның нысаны (110.00-нысан);

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (110.00-нысан);

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияның нысаны (130.00-нысан);

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (130.00-нысан);

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияның нысаны (150.00-нысан);

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (150.00-нысан);

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары бойынша жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларацияның нысаны (200.00-нысан);

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары бойынша жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (200.00-нысан);

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар бойынша жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларацияның нысаны (210.00-нысан);

19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар бойынша жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (210.00-нысан);

20) осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес жеке табыс салығы бойынша декларацияның нысаны (220.00-нысан);

21) осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес жеке табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (220.00-нысан);

22) осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес жеке табыс салығы және мүлік бойынша декларацияның нысаны (230.00-нысан);

23) осы бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес жеке табыс салығы және мүлік бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (230.00-нысан);

24) осы бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес жеке табыс салығы бойынша декларацияның нысаны (240.00-нысан);

25) осы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес жеке табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (240.00-нысан);

26) осы бұйрыққа 26-қосымшаға сәйкес қосылған құн салығы бойынша декларацияның нысаны (300.00-нысан);

27) осы бұйрыққа 27-қосымшаға сәйкес қосылған құн салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (300.00-нысан);

28) осы бұйрыққа 28-қосымшаға сәйкес импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларацияның нысаны (320.00-нысан);

29) осы бұйрыққа 29-қосымшаға сәйкес импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (320.00-нысан);

30) осы бұйрыққа 30-қосымшаға сәйкес тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштің нысаны (328.00-нысан);

31) осы бұйрыққа 31-қосымшаға сәйкес тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті толтыру және табыс ету қағидалары (328.00-нысан);

32) осы бұйрыққа 32-қосымшаға сәйкес акциз бойынша декларацияның нысаны (400.00-нысан);

33) осы бұйрыққа 33-қосымшаға сәйкес акциз бойынша салық есептілігін (декларация) жасау қағидалары (400.00-нысан);

34) осы бұйрыққа 34-қосымшаға сәйкес құрылымдық бөлімше немесе салық салуға байланысты объектілер үшін акциз есебінің нысаны (421.00-нысан);

35) осы бұйрыққа 35-қосымшаға сәйкес құрылымдық бөлімше немесе салық салуға байланысты объектілер үшін акциз салық есептілігін (есебін) жасау қағидалары (421.00-нысаны);

36) осы бұйрыққа 36-қосымшаға сәйкес роялти бойынша, өндіру бонусы бойынша, өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі бойынша, өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі бойынша декларацияның нысаны (500.00-нысан);

37) осы бұйрыққа 37-қосымшаға сәйкес роялти бойынша, өндіру бонусы бойынша, өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі бойынша, өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер

қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі бойынша салық есептілігін (декларация) жасау қағидалары (500.00-нысан);

38) осы бұйрыққа 38-қосымшаға сәйкес қол қойылатын бонус және коммерциялық табу бонусы бойынша декларацияның нысаны (510.00-нысан);

39) осы бұйрыққа 39-қосымшаға сәйкес қол қойылатын бонус және коммерциялық табу бонусы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (510.00-нысан);

40) осы бұйрыққа 40-қосымшаға сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта заттай түрде белгіленген өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесінің мөлшері және төлеу (беру) мерзімдері туралы есебінің нысаны (531.00-нысан);

41) осы бұйрыққа 41-қосымшаға сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта заттай түрде белгіленген өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесінің мөлшері және төлеу (беру) мерзімдері туралы есебінің салық есептілігін жасау қағидалары (531.00-нысан);

42) осы бұйрыққа 42-қосымшаға сәйкес үстеме пайда салығы бойынша декларацияның нысаны (540.00-нысан);

43) осы бұйрыққа 43-қосымшаға сәйкес үстеме пайда салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (540.00-нысан);

44) осы бұйрыққа 44-қосымшаға сәйкес тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем жөніндегі декларацияның нысаны (560.00-нысан);

45) осы бұйрыққа 45-қосымшаға сәйкес тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем жөніндегі салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (560.00-нысан);

46) осы бұйрыққа 46-қосымшаға сәйкес экспортқа рента салығы бойынша декларацияның нысаны (570.00-нысан);

47) осы бұйрыққа 47-қосымшаға сәйкес экспортқа рента салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (570.00-нысан);

48) осы бұйрыққа 48-қосымшаға сәйкес пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша декларацияның нысаны (590.00-нысан);

49) осы бұйрыққа 49-қосымшаға сәйкес пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (590.00-нысан);

50) осы бұйрыққа 50-қосымшаға сәйкес жұмыспен қамтуға көмектесу, міндетті медициналық сақтандыру, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорларына, зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа және автомобиль жолдарын пайдаланушылардың аударымдары бойынша декларацияның нысаны (641.00-нысан);

51) осы бұйрыққа 51-қосымшаға сәйкес жұмыспен қамтуға көмектесу, міндетті медициналық сақтандыру, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорларына, зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа аударымдардың және автомобиль жолдарын пайдаланушылардың аударымдары салық есептілігін (есебін) жасау қағидалары (641.00-нысан);

52) осы бұйрыққа 52-қосымшаға сәйкес көлік құралы салығы, жер салығы мен мүлік салығы бойынша декларацияның нысаны (700.00-нысан);

53) осы бұйрыққа 53-қосымшаға сәйкес көлік құралдары салығы, жер салығы мен мүлік салығы бойынша салық есептілігі (декларация) жасау қағидалары (700.00-нысан);

54) осы бұйрыққа 54-қосымшаға сәйкес көлік құралы салығы бойынша ағымдағы төлемдер есебінің нысаны (701.00-нысан);

55) осы бұйрыққа 55-қосымшаға сәйкес көлік құралдары салығы бойынша ағымдағы төлемдердің салық есептілігін (есебін) жасау қағидалары (701.00-нысан);

56) осы бұйрыққа 56-қосымшаға сәйкес жер салығы мен мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдер есебінің нысаны (701.01-нысан);

57) осы бұйрыққа 57-қосымшаға сәйкес жер салығы мен мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдердің салық есептілігін (есебін) жасау қағидалары (701.01-нысан);

58) осы бұйрыққа 58-қосымшаға сәйкес ойын бизнесі салығы және тіркелген салық бойынша декларацияның нысаны (710.00-нысан);

59) осы бұйрыққа 59-қосымшаға сәйкес ойын бизнесі салығы және тіркелген салық бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (710.00-нысан);

60) осы бұйрыққа 60-қосымшаға сәйкес аукциондардан алым, кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша декларацияның нысаны (810.00-нысан);

61) осы бұйрыққа 61-қосымшаға сәйкес аукциондардан алым, кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (810.00-нысан);

62) осы бұйрыққа 62-қосымшаға сәйкес жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақының ағымдағы төлемдер сомасы есебінің нысаны (851.00-нысан);

63) осы бұйрыққа 63-қосымшаға сәйкес жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақының ағымдағы төлемдер сомасының салық есептілігін (есебін) жасау қағидалары (851.00-нысаны);

64) осы бұйрыққа 64-қосымшаға сәйкес жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша декларацияның нысаны (860.00-нысан);

65) осы бұйрыққа 65-қосымшаға сәйкес жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (860.00-нысан);

66) осы бұйрыққа 66-қосымшаға сәйкес қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы бойынша декларацияның нысаны (870.00-нысан);

67) осы бұйрыққа 67-қосымшаға сәйкес қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (870.00-нысан);

68) осы бұйрыққа 68-қосымшаға сәйкес шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларацияның нысаны (910.00-нысан);

69) осы бұйрыққа 69-қосымшаға сәйкес шағын бизнес субъектілері үшін салық есептігін (оңайлатылған декларацияны) жасау қағидалары (910.00-нысан);

70) осы бұйрыққа 70-қосымшаға сәйкес патент құны есебінің нысаны (911.00-нысан);

71) осы бұйрыққа 71-қосымшаға сәйкес патент құнының салық есептілігін (есебін) жасау қағидалары (911.00-нысан);

72) осы бұйрыққа 72-қосымшаға сәйкес бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларацияның нысаны (920.00-нысан);

73) осы бұйрыққа 73-қосымшаға сәйкес бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (920.00-нысан);

74) осы бұйрыққа 74-қосымшаға сәйкес корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (100.00-нысан);

75) осы бұйрыққа 75-қосымшаға сәйкес корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (150.00-нысан);

76) осы бұйрыққа 76-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары бойынша жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларацияның нысаны (200.00-нысан);

77) осы бұйрыққа 77-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары бойынша жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (200.00-нысан);

78) осы бұйрыққа 78-қосымшаға сәйкес жеке табыс салығы бойынша декларацияның нысаны (220.00-нысан);

79) осы бұйрыққа 79-қосымшаға сәйкес жеке табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (220.00-нысан);

80) осы бұйрыққа 80-қосымшаға сәйкес жеке табыс салығы және мүлік бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (230.00-нысан);

81) осы бұйрыққа 81-қосымшаға сәйкес қосылған құн салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (300.00-нысан);

82) осы бұйрыққа 82-қосымшаға сәйкес акциз бойынша декларацияның нысаны (400.00-нысан);

83) осы бұйрыққа 83-қосымшаға сәйкес акциз бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (400.00-нысан);

84) осы бұйрыққа 84-қосымшаға сәйкес құрылымдық бөлімше немесе салық салуға байланысты объектілер үшін акциз есебінің нысаны (421.00-нысан);

85) осы бұйрыққа 85-қосымшаға сәйкес пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша декларацияның нысаны (590.00-нысан);

86) осы бұйрыққа 86-қосымшаға сәйкес пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (590.00-нысан);

87) осы бұйрыққа 87-қосымшаға сәйкес көлік құралы салығы, жер салығы мен мүлік салығы бойынша декларацияның нысаны (700.00-нысан);

88) осы бұйрыққа 88-қосымшаға сәйкес көлік құралдары салығы, жер салығы мен мүлік салығы бойынша салық есептілігі (декларация) жасау қағидалары (700.00-нысан);

89) осы бұйрыққа 89-қосымшаға сәйкес көлік құралы салығы бойынша ағымдағы төлемдер есебінің нысаны (701.00-нысан);

90) осы бұйрыққа 90-қосымшаға сәйкес жер салығы мен мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдер есебінің нысаны (701.01-нысан);

91) осы бұйрыққа 91-қосымшаға сәйкес жер салығы мен мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдердің салық есептілігін (есебін) жасау қағидалары (701.01-нысан);

92) осы бұйрыққа 92-қосымшаға сәйкес шағын бизнес субъектілері үшін салық есептілігін (оңайлатылған декларацияны) жасау қағидалары (910.00-нысан);

93) осы бұйрыққа 93-қосымшаға сәйкес қосылған құн салығы бойынша декларацияның нысаны (300.00-нысан);

94) осы бұйрыққа 94-қосымшаға сәйкес қосылған құн салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (300.00-нысан);

95) осы бұйрыққа 95-қосымшаға сәйкес импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларацияның нысаны  (320.00-нысан);

96) осы бұйрыққа 96-қосымшаға сәйкес импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (320.00-нысан);

97) осы бұйрыққа 97-қосымшаға сәйкес бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (920.00-нысан);

98) осы бұйрыққа 98-қосымшаға сәйкес жалға беру (пайдалану) шарттары тізілімінің нысаны (871.00-нысан);

99) осы бұйрыққа 99-қосымшаға сәйкес жалға беру (пайдалану) шарттарының тізілімін жасау қағидалары (871.00-нысан) бекітілсін.»;

осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес 98 және 99 – қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыруүшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

**Қазақстан Республикасының**
**Қаржы министрі** **Б. Сұлтанов**

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2016 жылғы «8» тамыздағы
№ 432 бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2014 жылғы «25» желтоқсандағы
№ 587 бұйрығына
98-қосымша

# ЖАЛҒА БЕРУ (ПАЙДАЛАНУ) ШАРТТАРЫНЫҢ ТІЗІЛІМІ

Нысан **871.00** Бет **01**

Осы нысанды жасау Қағидаларын оқыңыз.
НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен баспаханалық БАС ӘРІПТЕРМЕН толтырыңыз.

## Бөлім. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат

1 ЖСН (БСН)

2 Салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі:

3 Салық төлеушінің Т.А.Ә. (ол болған кезде) немесе атауы

4 Тізілімнің түрі (тиісті торкөзде X көрсетіңіз):

бастапқы ☐ кезекті ☐ қосымша ☐ хабарлама бойынша қосымша ☐ тарату ☐

5 Хабарламаның нөмірі мен күні (хабарлама бойынша қосымша тізілім табыс етілген жағдайда толтырылады):

A нөмірі

B күні

Күні, айы, жылы сандармен

6 Валюты коды

7 Берілген қосымшалардың саны

## Бөлім. Сауда объектілері, оның ішінде сауда базарлары туралы мәліметтер

871.00.001 Сауда объектілерінің саны

871.00.002 Жалға алушылардың саны
оның ішінде:

A жеке тұлғалар

B дара кәсіпкерлер

C заңды тұлғалар

871.00.003 Жалға беру (пайдалану) шартына сәйкес төленуге жататын жалға беру төлемінің сомасы (млрд. млн. мың)

871.00.004 Нақты төленген жалға беру төлемінің сомасы (млрд. млн. мың)

871.00.005 Жалға беру (пайдалану) шартына сәйкес төленуге жататын өтелетін шығыстар сомасы (млрд. млн. мың)

871.00.006 Нақты төленген өтелетін шығыстар сомасы (млрд. млн. мың)

Нысан **871.00** Бет **02**

## Бөлім. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат

1 ЖСН (БСН)

2 Салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі:

## Бөлім. Салық төлеушінің жауапкершілігі

Мен осы тізілімде келтірілген мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік көтеремін.

Шектеу сызығынан шықпаңыз

/ /

Салық төлеушінің (басшысының) Т.А.Ә. (ол болған кезде) Қолы

Тізілім тапсырған күні

Күн, айы, жыл сандармен

Мемлекеттік кірістер органының коды

М.О.

Шектеу сызығынан шықпаңыз

/ /

Тізілімді қабылдаған лауазымды адамның Т.А.Ә. (ол болған кезде) Қолы

Тізілімді қабылданған күні

Күн, айы, жыл сандармен

Құжаттың кіріс нөмірі

Ш.О.

Пошта штемпелінің күні (Тізілімді поштамен тапсырған жағдайда толтырылады)

Күн, айы, жыл сандармен

Нысан **871.01** Бет **01**

Ағымдағы парақтың нөмірін көрсетіңіз

# ЖАЛҒА БЕРУ (ПАЙДАЛАНУ) ШАРТТАРЫНЫҢ ТІЗІЛІМІ

(Қосымша)

Осы нысанды жасау Қағидаларын оқыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сиялы каламмен немесе қаламұшпен баспаханалық БАС ӘРІПТЕРМЕН толтырыңыз.

## Бөлім. Салық төлеуші мен сауда объектісі, оның ішінде сауда базары туралы жалпы ақпарат

1 ЖСН (БСН)

2 Салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі: жыл

3 Сауда желісінің атауы

4 Сауда объектісінің атауы

5 Сауда объектісінің санаты (тиісті торкөзде X көрсетіңіз): стационарлық ☐ стационарлық емес ☐

6 Жалпы алаңы, ш.м ,

7 Сауда алаңы, ш.м ,

8 Сауда орындарының саны

9 Сауда объектісінің орналасқан жерінің мекен-жайы

## Бөлім. Жалға алушылары бойынша мәліметтер

| A № | B Жалға алушының Т.А.Ә. (ол болған кезде) немесе атауы | C жалға алушының статусы* | D жалға алушының ЖСН (БСН) | E жеке тұлғаның- жалға алушының жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі |
|---|---|---|---|---|
| 0001 | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

* 1- жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлға;
2- жеке кәсіпкер;
3- заңды тұлға.

1687101010009

Нысан **871.01** Бет **02**

# ЖАЛҒА БЕРУ (ПАЙДАЛАНУ) ШАРТТАРЫНЫҢ ТІЗІЛІМІ

(Қосымша)

Ағымдағы парақтың нөмірін көрсетіңіз

Осы нысанды жасау Қағидаларын оқыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен баспаханалық БАС ӘРІПТЕРМЕН толтырыңыз.

## Бөлім. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат

1 ЖСН (БСН)

2 Салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі: жыл

## Бөлім. Жалға алушылары бойынша мәліметтер

| A № | F жалға алушының жеке басын куәландыратын құжаттың берілген күні | G жалға беру (пайдалану) шартының нөмірі (ол болған кезде) | H жалға беру (пайдалану) шартының күні | I сауда орнының, сауда объектісінің мақсаты |
|---|---|---|---|---|
| | Күні, айы, жылы сандармен | | Күні, айы, жылы сандармен | |
| 0001 | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

1687101020008

Нысан **871.01** Бет **03**

Ағымдағы парақтың нөмірін көрсетіңіз

# ЖАЛҒА БЕРУ (ПАЙДАЛАНУ) ШАРТТАРЫНЫҢ ТІЗІЛІМІ

(Қосымша)

Осы нысанды жасау Қағидаларын оқыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен баспаханалық БАС ӘРІПТЕРМЕН толтырыңыз.

## Бөлім. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат

1 ЖСН (БСН)

2 Салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі: жыл

## Бөлім. Жалға алушылары бойынша мәліметтер

| A № | J сауда объектісіндегі сауда орнының орналасқан жері | K сауда объектісінің немесе орнының жалға берудің (пайдалану) нақты кезеңі | |
|---|---|---|---|
| 0001 | | Күн, айы, жылы сандармен | Күн, айы, жылы сандармен |
| | | бастап | дейін |
| | | бастап | дейін |
| | | бастап | дейін |
| | | бастап | дейін |
| | | бастап | дейін |
| | | бастап | дейін |

1 687101 030007

Нысан **871.01** Бет **04**

Ағымдағы парақтың нөмірін көрсетіңіз

# ЖАЛҒА БЕРУ (ПАЙДАЛАНУ) ШАРТТАРЫНЫҢ ТІЗІЛІМІ

(Қосымша)

Осы нысанды жасау Қағидаларын оқыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен баспаханалық БАС ӘРІПТЕРМЕН толтырыңыз.

## Бөлім. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат

1 ЖСН (БСН)

2 Салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі: жыл

## Бөлім. Жалға алушылары бойынша мәліметтер

| A | L | M | N | O |
|---|---|---|---|---|
| № | жалға беру (пайдалану) шартына сәйкес төленуге жататын жалға беру төлемінің сомасы | нақты төленген жалға беру төлемінің сомасы | жалға беру (пайдалану) шартына сәйкес төленуге жататын өтелетін шығыстар сомасы | нақты төленген өтелетін шығыстар сомасы |
| | ЖИЫНЫ (жол ТЕК нысанның жиыны бойынша толтырылады) | | | |
| | млрд. млн. мың. | млрд. млн. мың. | млрд. млн. мың. | млрд. млн. мың. |
| 0001 | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

1687101040006

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2016 жылғы «8» тамыздағы
№ 432 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2014 жылғы «25» желтоқсандағы
№ 587 бұйрығына
99-қосымша

**Жалға беру (пайдалану) шарттарының тізілімін жасау қағидалары (871.00-нысан)**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жалға беру (пайдалану) шарттарының тізілімін жасау қағидалары (871.00-нысан) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және сауда объектілерін, сауда объектілеріндегі, оның ішінде сауда базарларындағы сауда орындарын жалға (пайдалануға) беретін заңды тұлғалар немесе дара кәсіпкерлер тапсыратын жалға беру (пайдалану) шарттары тізілімінің (бұдан әрі - тізілім) салық есептілігінің нысанын жасау тәртібін айқындайды.

2. Тізілім тізілімнің өзінен (871.00-нысан) және Салық кодексінің 63-бабы 2-тармағына сәйкес есепті кезең үшін сауда объектілерін, сауда объектілеріндегі, оның ішінде сауда базарларындағы сауда орындарын жалға (пайдалануға) беретін дара кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалардың жалға беру (пайдалануға) шарттары бойынша мәліметтерді көрсетуге арналған оған қосымшадан (871.01-нысан) тұрады.

3. Тізілімді толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Сомалардың теріс мәндері тізілімнің тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде «–» белгісімен белгіленеді.

5. Көрсеткіштер болмаған кезде тізілімнің тиісті торкөздері толтырылмайды.

6. Тізілімге қосымша тізілімдегі тиісті көрсеткіштерді ашып көрсетуді талап ететін жолдарды толтыру кезінде жасалады.

7. Тізілімге қосымшаның парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда тізілімге қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Тізілімді жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық жеткізгіште – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

9. Тізілімге Салық кодексінің 61-бабының 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не оның өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда өзінің атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің мөрімен не оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

10. Тізілімді табыс ету кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз жеткізгіште - екі данада жасалады, бір данасы мемлекеттік кірістер органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) қағаз жеткізгіште хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы – салық төлеуші пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші (салық агенті) мемлекеттік кірістер органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылдағаны не қабылдамағаны туралы хабарламасын алады.

11. Тізілімге «Салық төлеуші туралы және сауда объектісінің, оның ішінде сауда базары туралы жалпы ақпарат» қосымшаның бөлімінде «Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат» бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

## 2-тарау. Тізілімді жасау (871.00-нысан)

12. «Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат» деген бөлімде:

1) сауда объектілерін, сауда объектілеріндегі, оның ішінде сауда базарларындағы сауда орындарын жалға (пайдалануға) беретін дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның ЖСН (БСН);

2) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) сауда объектілерін, сауда объектілеріндегі, оның ішінде сауда базарларындағы сауда орындарын жалға (пайдалануға) беретін салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе атауы.

4) Тізілімнің түрі.

Тиісті торкөздер Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігі түрлеріне тізілімнің жатқызылуы ескеріле отырып белгіленеді;

5) хабарламаның нөмірі мен күні. А және В торкөздері Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген хабарлама бойынша тізілімді тапсырған жағдайда толтырылады;

6) валюта коды.

«Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланыталын жіктеуіштер туралы» Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген 23 «Валюта жіктеуіші» қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

7) табыс етілген қосымшалардың саны көрсетіледі.

13. «Сауда объектілері, оның ішінде сауда базарлары туралы мәліметтер» бөлімінде:

1) 871.00.001 жолында сауда объектілерінің саны көрсетіледі;

2) 871.00.002 жолында сауда объектілерін, сауда объектілеріндегі, оның ішінде сауда базарларындағы сауда орындарын жалға алушылардың жалпы саны көрсетіледі.

А, В және С жолында «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (келесіде –Заң) сәйкес сауда қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген жалға алушы-жеке тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың саны көрсетіледі.

3) 871.00.003 жолында барлық 871.01 нысаны бойынша L жолының жиынтық сомасы ретінде айқындалатын жалға беру (пайдалану) шартына сәйкес төленуге жататын жалға беру төлемінің сомасы көрсетіледі;

4) 871.00.004 жолында барлық 871.01 нысаны бойынша M жолының жиынтық сомасы ретінде айқындалатын нақты төленген жалға беру төлемінің сомасы көрсетіледі;

5) 871.00.005 жолында барлық 871.01 нысаны бойынша N жолының жиынтық сомасы ретінде айқындалатын жалға беру (пайдалану) шартына сәйкес төленуге жататын өтелетін шығыстардың сомасы көрсетіледі;

6) 871.00.006 жолында барлығы 871.01 нысаны бойынша О жолының жиынтық сомасы ретінде айқындалатын нақты төленген өтелетін шығыстар сомасы көрсетіледі.

14. «Салық төлеушінің жауапкершілігі» бөлімінде:

1) «Салық төлеушінің (басшының) Т.А.Ә. (ол болған кезде)» жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі.

Егер тізілімді дара кәсіпкер табыс еткен жағдайда, жолда салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі, онда жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады.

2) мемлекеттік кірістер органына тізілімді тапсырған күні көрсетіледі;

3) салық төлеушінің орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органының коды көрсетіледі;

4) «Тізілімді қабылдаған лауазымды адамның Т.А.Ә.(ол болған кезде)» жолында тізілімді қабылдаған мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

5) Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес лауазымды адаммен

Тізілімді қабылданған күні көрсетіледі;

6) мемлекеттік кірістер органы беретін құжаттың кіріс нөмірі;

7) пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

## 3-тарау. 871.01-нысанын жасау

15. 871.01- нысаны Салық кодексінің 63-бабы 2-тармағына сәйкес сауда объектілерін, сауда объектілеріндегі, оның ішінде сауда базарларындағы сауда орындарын жалға (пайдалануға) беретін дара кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалардың есепті кезең үшін жалға беру (пайдалануға) шарттары бойынша мынадай мәліметтерді көрсетуге арналған.

Егер дара кәсіпкерде немесе заңды тұлғада бірнеше сауда объектілері, оның ішінде сауда базарлары болса, 871.01- нысаны бойынша қосымша әрбір сауда объекті, оның ішінде сауда базары бойынша жеке толтырылады.

16. «Салық төлеуші туралы және сауда объектісі, оның ішінде сауда базары туралы жалпы ақпарат» бөлімінде:

1) сауда объектілерін, сауда объектілеріндегі, оның ішінде сауда базарларындағы сауда орындарын жалға (пайдалануға) беретін дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның ЖСН(БСН);

2) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) сауда желісінің атауы.

Егер сауда объектісі немесе сауда базары сауда желісіне кірген жағдайда толтырылады;

4) сауда объектісінің атауы;

5) сауда объектісінің санаты.

Заңның 1 бабы 16-1 және 16-2 тармақшаларына сәйкес сәйкесінше торкөздер көрсетіледі;

6) жалпы алаңы, шаршы метрде;

7) сауда алаңы, шаршы метрде;

8) жалға беруге арналған сауда орындарының саны;

9) сауда объектісінің орналасқан жерінің мекен-жайы көрсетіледі.

17. «Жалға алушылар бойынша мәліметтер» бөлімінде:

1) А бағанында кезекті реттік нөмірі;

2) В бағанында сауда объектілерін, сауда объектілеріндегі, оның ішінде сауда базарларындағы сауда орындарын жалға (пайдалануға) алатын жалға алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе атауы көрсетіледі;

3) С бағанында жалға алушылардың мынадай мәртебелерінің бірі көрсетіледі:

1-саны, егер жалға алушы жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлға болса;

2-саны, егер жалға алушы жеке кәсіпкер болса;

3-саны, егер жалға алушы заңды тұлға болса.

4) D бағанында жалға алушының ЖСН(БСН) көрсетіледі;

5) E бағанында жеке тұлғаның-жалға алушының жеке басын куәландыратын құжатының нөмірі көрсетіледі;

6) F бағанында жалға алушының жеке басын куәландыратын құжаттың берілген күні көрсетіледі;

7) G бағанында жалға беру (пайдалану) шартының нөмірі (ол болған кезде) көрсетіледі;

8) H бағанында жалға беру (пайдалану) шартының жасалған күні көрсетіледі;

9) I бағанында сауда орнының, сауда объектісінің мақсаты (мысалы: мейрамхана, кафе, аспаздық, өнеркәсіп тауарлар және басқалары) көрсетіледі;

10) J бағанында сауда объектісіндегі сауда орнының орналасқан жері (мысалы: сауда объектісінің немесе орынның қатары, секторы және нөмірі) көрсетіледі;

11) K бағанында сауда объектісінің немесе орнының жалға берудің (пайдалану) нақты кезеңі көрсетіледі;

12) L бағанында жалға беру (пайдалану) шартына сәйкес төленуге жататын жалға беру төлемінің сомасы көрсетіледі;

13) M бағанында нақты төленген жалға беру төлемінің сомасы көрсетіледі;

14) N бағанында жалға беру (пайдалану) шартына сәйкес төленуге жататын өтелетін шығыстар сомасы көрсетіледі;

15) O бағанында нақты төленген өтелетін шығыстар сомасы көрсетіледі;

0001 жолдың L, M, N және O бағандарында жалға беру (пайдалану) шартына сәйкес төленуге жататын жалға беру төлемінің сомасының,жалға беру төлемінің нақты төленген сомасының, жалға беру (пайдалану) шартына сәйкес төленуге жататын өтелетін шығыстар сомасының және нақты төленген өтелетін шығыстар сомасының қорытынды мәні көрсетіледі.

L бағанының 0001 жолдарының қорытынды шамасы 871.00.003 жолына көшіріледі.

M бағанының 0001 жолдарының қорытынды шамасы 871.00.004 жолына көшіріледі.

N бағанының 0001 жолдарының қорытынды шамасы 871.00.005 жолына көшіріледі.

O бағанының 0001 жолдарының қорытынды шамасы 871.00.006 жолына көшіріледі.